

**Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ХАЛЕЛА  
ДОСМУХАМЕДОВА**

**БЕКІТІЛДІ/УТВЕРЖДАЮ**



Х.Досмухамедов атындағы Атыр  
мемлекеттік университеті Ғылым  
Кеңесінің шешімімен /Решением Учено  
совета Атырауского государственно  
университета им.Х.Досмухамедова  
Ректор А.Талтенов

2019 ж.ғ. қыркүйек айы 01, хаттама/протокол № 5

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
EDUCATION PROGRAMME**

**«6B02302- Филология: қазақ филологиясы»**

Білім беру бағдарламасының атауы

**«6B02302- Филология: казахская филология»**

Название образовательной программы

**«6B02302- Philology: Kazakh philology»**

Name of education programme

Атырау, 2019

Көптілді білім беру Факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

ББ атауы «6В02302- Филология: қазақ филологиясы»






ББ типі:

Қолданыстағы

Жаңа

Инновациялық

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР (Академиялық комитет):

Аты жөні	Лауазымы	Байланыс ақпараты	Қолы
Жүсіп Қ.Ө.	Ф.ғ.д., професор	87750731709 kadyr.zhysip@mail.ru	
Аяпова Г.Б.	Ф.ғ.к., аға оқытушы,	87016774700 aiapova-1969@mail.ru	
Салихова А.З.	Ф.ғ.к., аға оқытушы,	+77781379364 aimgul_1974@mail.ru	
Ескалиева Ж.А.	Магистр, аға оқытушы	87014532773 Zhanrgul1971@mail.ru	
Усербаева М.К.	Атырау инженерлік-гуманитарлық колледж директоры	87755957106 Maksat.userbaeva@mail.ru	
Қалмырза О.	6М020500-Филология мамандығының 2 курс магистранты	87026529103 oryngul.kalmyrza@mail.ru	



## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

### 1.1 Бағдарламаның циклі:

Бірінші цикл: бакалавриат 6 деңгей НРК / ОРК / МСКО

1.2 Берілетін дәрежесі: 6B02302- «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры

1.3 Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит / 240 ECTS

1.4 Оқу мерзімі: 4 жыл, 3 жыл

### 1.5 ББ ерекшеліктері

6B02302- «Филология: қазақ филологиясы» білім бағдарламасы бойынша лингвистикалық және әдебиеттану ғылымдарының негізгі теориялық ережелерін жеке және кешенді тұрғыдан талдауға дағдыланады. Оқыту үрдісінің мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасына негізделіп, атап айтқанда, жоба, аннотациялау және рецензиялау, ғылыми пікірталастар ұйымдастыру, портфолио құрастыру, кейс-стади, реферат, идеялар аукционын өткізу, презентациялау, өз ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша баяндама, мақала жазу.

Білім бағдарламасының басты мақсаты – тіл мен әдебиетті терең білетін, бағалайтын және мақтан етіп, болашаққа оң көзқарас танытатын, Ұлы Даланың фольоры мен Жаңа қазақ әліпбиінің дамуына цифрлық форматта «жаңа тынысқа» жетелейтін бәсекеге қабілетті маман қалыптастыруға жағдайлар жасау.

## 2 ББ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕМЕ

### 2.1 ББ мақсаты

Филология білім бағдарламасының мақсаты ең алдымен кәсіби құзыреттіліктерді игеріп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін біліп, онны қоғамдық қызметтің түрлі салаларында оның ішінде іскерлік қатынаста қолданып, халықтық әдебиеттің көркемдік қыры мен теориялық негізін дамытып, ұлттық салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиеленіп және тарихи сананы жаңғыртып,, экологиялық, дене мәдениетін, этикалық, құқықтық және ойлау мәдениетін қалыптастыра отырып, креативті еңбек нарығында қазіргі қоғамға қабілетті маман даярлау.

### 2.2 Студенттер үшін ББ негіздемесі

Жоғары білім арудың негіздемесі – болашақ мамандардың қоғамның басты құндылықтарын бағалау үшін қажетті ғылымдардың негізін меңгеру болып табылады. Білім мен шеберлік, шығармашылық қызмет пен дүниеге эмоционалды-құндылықтар көзқарасы тұрғысынан қарау арқылы іске асқан адамзаттың әлеуметтік-мәнді тәжірибесін меңгеру, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі мен жалпы даму үрдісі негізінде қоғамдық әрі еңбек қызметіне араласуы. Жалпы білім беру пәндерінің циклы ғылыми дүниетанымды, қоғам мен жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық әрі этикалық нормаларды, қоршаған ортаны әдеби-тілдік нормада ғылыми-зерттеушілік пайымда карап, ұлтжандылықты, толеранттық пен теңдікті және пайдалы тіршілік ету түрін қалыптастыруға бағытталған. Базалық пәндер циклы филология саласына қатысты негізгі білім алуға, түрлі құбылыстарды бағдарлау мен оларға ғылыми талдау жасаудың әдістерін меңгеруге, оларды кәсіби салада пайдалана білуге дағдылануға бағытталған. Кәсіптендіру пәндерінің циклы филологиялық пәндердің негіздерін тәжірибелік тұрғыдан игеруге бағытталған.

### **2.3 Еңбек нарығының қажеттілігі**

Халықаралық білім, ғылым бағдарламаларын жүзеге асыру мен сараптау үшін толыққанды теориялық дайындығы бар, оқу мен дамудың байланыстарын, инновациялық оқытуды ұйымдастырудың қағидаларын біліп, даму үстіндегі әлемде кәсіптік дербестікті қамтамасыз ететін негізгі филологиялық дайындығы болуы шарт.

### **2.4 Кәсіби жұмыс саласы**

Филология білім бағдарламасы бойынша бітірушілердің кәсіптік қызметі қазақ филологиясының барлық салалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге, тіл мен әдебиетті кәсіптік орта оқу орындарында оқытуға, білім беру, басқару-ұйымдастыру салаларында әкімшілік жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар білім беру, мәдениет, БАҚ мен әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің өзге де салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді атқаруға бағытталған.

### **2.5 Кәсіби жұмыс нысаны**

Филология білім бағдарламасын игерген маман ең алдымен бүгінгі қоғам талабына сай коммуникативтік қарым-қатынасты орната алатын, кәсіби қызметтің мынадай түрлерін атқара алады: білім беру, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу (колледждерде оқытушы, қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайы және тарихи дамуы тұрғысынан зерттеу), баспа ісі, құжаттар тілін жүргізу, аударма, БАҚ-тағы қызмет, әлеуметтік-гуманитарлық қызметтердің басқа да салалары (Тіл басқармасы, мекемедегі іс жүргізуші, Ақпараттық талдау орталықтары, Халық шығармашылығы орталығы, Копирайтер).

### 3 ББ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

«Филология:қазақ филологиясы» білім бағдарламасы бойынша бітірушінің түйінді құзыреттіліктеріне сәйкес жетік **дағдысы болуы қажет:**

- Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу (ОН1);

- тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай білу (ОН2);

- жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана білу (ОН2);

- әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру (ОН3);

- өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану. (ОН4)

Әрбір түлек меңгерген біліміне, болашақ мамандығына сәйкес **кәсіптік құзыреттілікті меңгеруі керек:**

- лингвистикалық және әдебиеттану ғылымдарының негізгі теориялық ережелерін, талдаудың негізгі әдіс-тәсілдерін меңгеруге және мәтінді талдау барысында алған білімді қолдана білу (ОН5);

- лингвистиканың теориясы мен тарихын зерттеуге аспектілік әрі кешендік тұрғыдан келе білу және парадигмалық қатынастарын, тілдік үрдістердің қызметі мен даму заңдылықтарын меңгеріп, мемлекеттің тіл саясатының мәселелеріне қатысты өз тұжырымдамаларын айта білу (ОН6);

- әдебиет тарихы дамуының негізгі кезеңдерін, әдеби агымдардың, бағыттардың, әдістердің түсініктік мазмұны мен зерттеудің қағидаттарын, сюжеттік-композициялық ерекшеліктері мен көркемдік бейнелеу амалдарын білу және әлеуметтік жағдайларға байланысты әр тұрғыдан талдай білу (ОН7);

- тілдің және әдебиеттің көкейкесті кезеңін Рухани жаңғыру тұрғысынан бірлесе қарастыруға, зерттеуге аспектілік әрі кешендік тұрғыдан келе білу және тілдік-әдеби даму тұрғысында бірлікте, байланыста, сыни тұрғыда байланысына баға беру (ОН8);

Сондай-ақ, түлек меңгерген білімдеріне сәйкес филологиялық зерттеулер, **кешенді талдаулар жүргізе білуі тиіс:**

- өңірге тән лингвистика мен әдебиеттанудың қазіргі кезеңдегі дамуын Бәсекеге қабілетті маман тұрғысынан филологиялық зерттеулерді игеру және ғылыми деңгейде ұйымдастыру, тәуелсіздік, ұлттық рух, тіл мен діл сынды ұлт руханиятының маңызды факторларын әдеби шығармашылық және тілдік талдау үрдісінде дамыту (ОН9);

- болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіне «Мәңгілік ел» мұратының негізгі өзегі – Ұлы дала елін түркі халықтарының ата жұрты ретінде қабылдауға негіздеу, тамыры терең ұлттық мәдениеттің сақталуын және дамуына ізденіспен келу (ОН10);

- көркем аударма процесінде пайда болатын лексикалық, грамматикалық және стилистикалық тәсілдерді Smart білім беру тұжырымдамасы негізінде түрлі ақпараттық ресурстар (аудио, видео, графика) арқылы аударып, аударманың қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түріне қол жеткізу (ОН11);